

**Орал қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 15 наурыздағы N 563 "Орал қаласы бойынша 2007 жылы халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 19 шілдедегі N 1597 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2007 жылғы 29 тамызда N 7-1-74 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 10 сәуірдегі N 969 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008.04.10 N 969 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 68 "Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" және Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 149 "Халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын (тіркеу N 2930) орындау үшін, қала ұйымдарынан түскен сұраныс пен ұсыныстарды ескеріп, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2007 жылғы 15 наурыздағы N 563 "Орал қаласы бойынша 2007 жылы халықтың нысаналы топтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-66 нөмірмен тіркелген, 2007 жылғы 19 сәуірдегі N 16 "Жайық үні" газетінде жарияланған) енгізілген толықтыруларды есепке алғанда, келесі толықтырулар енгізілсін:

N 1 қ о с ы м ш а с ы н а :

N 37 "Орнату" пәтер иелері кооперативі. Мамандық бойынша: сантехник, еңбекақысы - 6 000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 6 000 теңге; электргазбен дәнекерлеуші, еңбекақысы - 7 000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 7 000 теңге; ағаш шебері, еңбекақысы - 5 000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 5 000 теңге;

N 38 "Евразия" пәтер иелері кооперативі. Мамандық бойынша: аула тазалаушы, су жүйелерін оңдаушы, электрик, еңбекақысы - 5 000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 5 000 теңге; дәнекерлеуші, еңбекақысы - 6 000

теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 6 000 теңге;

№ 39 "Батурина, 45" пәтер иелері кооперативі. Мамандық бойынша: жұмысшы, еңбекақысы - 5000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 5 000 теңге; сантехник, еңбекақысы - 8 000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 8 0 0 0 т е ң г е ;

№ 40 "ОСВ" тұтынушылар кооперативі. Мамандық бойынша: жұмысшы, сантехник, лифт жүргізуші, еңбекақысы - 5 000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 5 0 0 0 т е ң г е ;

№ 41 "Удача" пәтер иелері тұтыну кооперативі. Мамандық бойынша: жұмысшы, еңбекақысы - 5000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 5 000 т е ң г е ;

№ 42 "Комплекс" пәтер иелері тұтыну кооперативі. Мамандық бойынша: аула тазалаушы, еңбекақысы - 5000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 5 000 т е ң г е ;

№ 43 "Шаңырақ" " пәтер иелері кооперативі. Мамандық бойынша: жұмысшы, еңбекақысы - 5000 теңге және жұмыс берушінің қаржысынан - 5 000 теңге.

2. Аталған қаулы әділет органдарында тіркеуден өткен күннен бастап күшіне е н е д і .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е. Мұқаевқа жүктелсін.

*Қала әкімі*